

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің
«Манашы»бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнында педагогикалық кеңес өткізу туралы**

№2 хаттама

23.11.2022 жыл

Бейнеу ауылы

Тақырыбы: Балаларды қарым-қатынасқа баулу көрсеткіші бойынша қабілеттерін дамыту және әдеби шығармалар мен ертегілердің мазмұнын еркін айтуға дағдыландыру

Қатысқандар - Директор м.а. К.Корпелиева

Әдіскер - Ж.Т.Муханбердиева

Медбике - А.К.Казиева

Педагогтер - барлығы

Күн тәртібі:

1. Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасын дамытуда заттық-кеңістік дамытушы ортаны дамыту(презентация) тәрбиеші Г.Туракбаева.
2. «Ойын алаңын ұйымдастыру» педагогтар шығармашылығының көрмесі.
3. «Коммуникациялық дағдыны дамыту» тренинг психолог Г.Асабаева.

Тындалды I

Бөбекжай директоры м.а. К.Корпелиева педагогикалық кеңеске қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі I-мәселе бойынша тәрбиеші Г.Туракбаева сөз алады. Тәрбиеші Г.Туракбаева «Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасын дамытуда заттық-кеңістік ортаны дамыту» тақырыбында презентация жасады. Презентацияда заттық кеңістік ортаны дамыту жолдарын слайд арқылы баяндады.

Тындалды II

Күн тәртібіндегі II-мәселе бойынша педагогтар ойын алаңын ұйымдастыру мақсатында дайындаған көрнекіліктерінен көрме ұйымдастырды. Әр бір топ тәрбиешілері әкелген материалдарын таныстырып, қолдану тәсілдерін айтып өтті.

Жарыссөз: әдіскер Ж.Муханбердиева. Педагогтердің шығармашылық көрмесінің мақсаты заттық-кеңістіктік ортаны дамытуға өз үлестерін қосу. Өртүрлі көрнекіліктер, дидактикалық материалдар, ойындар жинағын жаңа тәсілдермен баланың қызығушылығын арттыратындай талапқа сай жасалды. Педагогтар барлығы жақсы шығармашылықпен өз үлестерін қосқан, дегенмен де кейбір көрнекіліктер сапасыз бір рет қана пайдаланатын материалдардан жасалған. Көрнекілік, үлестірмелі материалдар көп қолдануға жарамды болып жасалғаны дұрыс.

Сұрақтар:

1. Заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру барысында қандай жұмыстар жасалды?
2. Заттық-кеңістік дамытушы ортасы методикалық талапқа сай ма?
3. Көрмеге әкелген материалдар картотеканың тақырыптарына сәйкес пе?
4. Шығармашылық көрмеге әкелген материалдар тәрбиешілердің өз қолдарымен жасалған ба?

Сұрақтарға жауап берілді

Тыңдалды III

Күн тәртібіндегі III-мәселе бойынша педагог-психолог Г.Асабаева тыңдалды. Г.Асабаева педагогтермен «Коммуникациялық дағдыны дамыту» тақырыбында тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты: педагогтардың оқытудың ойын әдістері мен белсенді тыңдау техникасы арқылы тиімді қарым-қатынас әдістерін игеруі, өзін, басқа адамдарды түсіну дағдыларын, сондай-ақ адамдар арасындағы қарым-қатынасты пысықтау. Тренингте «Сәлемдесу», «Алақан», «Сен сұлу», «Айтыңызшы, ағай!» жаттығулары қамтылды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. «Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасын дамытуда заттық-кеңістік дамытушы ортаны дамыту» тақырыбындағы презентация педагогтардың жұмыс барысында басшылыққа алынсын. Жауапты: педагогтар
2. «Ойын алаңын ұйымдастыру» тақырыбындағы көрме «жақсы» ұйымдастырылған деп бағалансын және одан әрі жандандырылсын. Жауапты: педагогтар
3. «Коммуникациялық дағдыны дамыту» тақырыбындағы тренинг қатысушыларға жақсы көңіл-күй қалыптастырды. Тренинг мақсаты орындалды.

Жиналыс төрайымы:



К.Корпелиева

Хатшы:



Ж.Муханбердиева